


**«Бірлік орта мектебі» мкм-нің
2022-2023 оқу жылындағы Қамқоршылық акциясын ұйымдастыру туралы
Х А Б А Р Л А М А**

2023 жылғы 1 ақпан мен 28 ақпан аралығында «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы өтті. Бұл акцияның мақсаты – әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көпбалалы, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету, оқумен қамтылған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу, сондай-ақ әлеуметтік себептер (киімдерінің, аяқ киімдерінің, мектеп құралдарының жоқтығы) бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу. Акция барысында айлық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Осы акция негізінде мектебімізде «Қамқорлық» акциясын өткізу туралы бұйрық шығарылып, жоспар құрылды, акцияны ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілді. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларына және басқа санаттағы балаларға қайырымдылық жасау, 7-17 жас аралығындағы балаларды жаппай оқумен қамту және әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылды.

«Қамқорлық» акциясы туралы акция логотипін қолдана отырып, ақпараттық бұрыштар, плакаттар орнатылды. Айлық кезінде мектеп ұжымы, ата-аналар мен оқушылар жомарттық танытып, әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға азық-түліктен тұратын өнімдік себетпен, мектепке қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары, ата-ана қамқорынан тыс қалған балалар мен көпбалалы отбасынан шыққан балаларды оқушы формасы, сөмке, аяқ киім және оқуға қажетті құралдармен қамтамасыз етті.

Әлеуметтік педагог  Қалығұл С.М